

1.09-4.09.2020 ж

«Қонжық» тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Күн тәртібі	Сейсенбі 1.09.20.	Сәрсенбі 2.09.20.	Бейсенбі 3.09.20.	Жұма 4.09.20.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.			
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру			
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Әңгімелесу: «Менің балабақшам» Мақсаты: балабақша туралы ойларын ауызекі баяндап айта алуға үйрету. Денсаулық сақтау технологиясы: «Күн мен түн»- көзге арналған жаттығу Мақсаты: көзге күш түсіруді азайту, көз алмасының бұлшық еттерін шынықтыру	Психожаттығу: «Аспан ашық, көгілдір» Мақсаты: жағымды көңіл күй орнату, Сурет салу: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: сурет салу машықтарын жетілдіру. Өз ойларымен сурет салуға баулу.	Пазл «Балабақша» Мақсаты: үлгі бойынша жұмыс жасауға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Денсаулық сақтау технологиясы: «Насос» - тыныс алу жаттығуы Мақсаты: мұрынмен дұрыс дем алып, дұрыс дем шығаруға үйрету.	Мақал мәтел айту: Мақсаты: ой- өрісін кеңейту, тілдерін дамыту. Денсаулық сақтау технологиясы: «Гүлді искеу» - тыныс алу жаттығуы Мақсаты: дұрыс дем алып, оны шығаруға дағдыландыру
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1 қыркүйек (заттсыз) 1. Жүру: Тізені жоғары көтеріп адымды маршпен жүру; қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшында тырналарша бой созып жүру; қолды белге қойып, өкшемен жүру; өкшеге алақан шапалақтап жүру; тізе астындағы шапалақ, жүрісі; қолды тізеге қойып отырып жүру; 2. Қолды ақырын саусақтарды айқастырып алға созу, сол күйі артқа, бастан жоғары және иіліп төмен түсіру. Бастапқы қалып: аяқты айқастырып еденге отыру, қол белде. Оңға иілу, бастапқы қалыпқа келу. Дәл солай сол жақпен істеу 3. Жоғары аяқ ұшына көтерілумен, терең дем алып. Төмен иілумен демді шығару. Мақсаты: балалардың бойларын сергіту, көңіл күйлерін көтеру.			
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.			
Дкпбес әрекет, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Досымды тап» Мақсаты: сипаттама арқылы жанында тұрған баланы тауып айта алуға үйрету..	Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?» Мақсаты: Мамандық иелеріне қажет заттарды анықтап, айта алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қандай зат, не үшін керек?» Мақсаты: Заттардың қасиеті, қажеттілігі туралы танымдарын кеңейту.	Дидактикалық ойын: «Не қай жерде орналасқан?» Мақсаты: Заттардың орнын анықтау арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Жапсыру «Ұзын – қысқа ленталар»	1. Сауат ашу негіздері. «Кел танысайық. Дыбыс пен	1. Сөйлеуді дамыту.	1. Сауат ашу негіздері.

	Мақсаты: қайшымен жұмыс жасауға үйрету. Жолақтарды реттілікпен қағаз бетіне орналастыруға, желімді қолдануға үйрету. 2.Орыс тілі «Мой любимый детский сад» Цель:учить пределять слова обозначающие учебные принадлежности и игрушки. Обогащать словарный запас. 3.Өзін-өзі тану. «Кел ,танысайық!» Өзін-өзі тану әлеміне саяхат Мақсаты: Пән туралы түсінік қалыптастыру, ойларын жүйелеп айта алуға үйрету. 4.Дене шынықтыру. «Бірге ойнаған көңілді» Мақсаты:1.Гимнастикалық отырғыш үстімен толтырылған доптардын аттап жүру(қолды желкеде ұстау). 2.Екі аяқпен алға қарай жылжи секіру (заттардың арасымен). 3.Қимылды ойын: «Еденде қалма» Мақсаты: ойын шартын бұзбай ойнауға баулу.	әріп. «А» дыбысы» Мақсаты: кітаппен таныстыру. Дыбыс, әріп туралы түсінік қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Қай дыбыстан басталады?» Мақсаты:Сөздердің қай дыбыстан басталатындығын ажырата білуге үйрету. 2.Жаратылыстану. «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты: Қоршаған табиғатты аялай білуге үйрету. Әлемді өз бетінше тануға деген құштарлықтарын ояту. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы» Мақсаты:танымдық қасиеттерін дамыту. 3.Сурет салу. «Менің сүйікті балабақшам» Мақсаты: геометриялық пішіндердің суретін салуға, түзу сызықтарды дұрыс сыза алуға машықтандыру. Дидактикалық ойын:«Ұқсас пішінді тап» Мақсаты: бөлмедегі заттардың пішіндерін анықтай алуға үйрету.	«Менің сүйікті балабақшам» Мақсаты: Бақшадағы іс әрекеттері, қызметкерлері туралы танымдарын кеңейту. Сөздік қорларын , байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын:«Балабақша» Мақсаты: диалогтық сөйлеу тілдерін дамыту. 2. Мүсіндеу «Балабақшаға арналған мүсін» Мақсаты:Ермексазбен жұмыс жасауға үйрету.Өз ойындағы бейнені мүсундей алуға баулу. Дидактикалық ойын: «Не жасырғанымды тап» Мақсаты: заттарды сипаттап айта білуге үйрету. 3. Дене шынықтыру «Көңілді доптар» Мақсаты: Жүру. Еңбектеу. Сапта бір қатармен жүруді үйрету. Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуге үйрету 2.Жүгіру.Шашырап жүгіруді үйрету. Тепе-теңдікті сақтай отырып заттардан аттап жүруге үйрету. Допты шұңқырға, қақпаға домалатуды үйретуді жалғастыру. 3.Қимылды ойын: «Қашпа	Дыбыс пен әріп «А» дыбысы Мақсаты: жаңа оқу қызметімен таныстыру. Дыбыс , әріп туралы түсінік қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Соңғы дыбысты ата» Мақсаты:Сөздерді мұқият тыңдап, дыбыстардың орнын ажырата білуге үйрету. 2. Құрастыру «Құламайтын қуыршақ» Мақсаты:Қоршаған ортадағы әртүрлі заттардың қасиетін , жасалған шикізатын анықтай алуға үйрету. Құрастыру машықтарын жетілдіру. Сюжетті-рөлдік ойын: «Дүкен» Мақсаты:қоғамдық орында өздерін ұстау дағдыларын қалыптастыру.Заттарға толық сипаттама жасай алуға үйрету. 3. Музыка. «Білім бұлағы» Мақсаты: балалардың музыкалық қабілеттерін қалыптастыру.Әуенге қосылып ән айтуға баулу.
--	--	--	---	---

			доп»Мақсаты:ойын шартын ұғындыру, шапшаңдыққа баулу.	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)			
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту			
Серуен	1.Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: ауа райындағы өзгерісті бағдарлай білуге үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу. 3.Қимылды ойын: «Допша секір» Мақсаты: өз қимыл - қозғалыстарын игере білуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: күз мезгіліндегі ауа-райы ерекшелігін айтқызу. Мақсаты: сөздік қорларын байыту.5.Дербес ойын әрекеті: Мақсаты:Бір бірімен сыйластықта ойнауға баулу.	1.Бақылау: Күнге бақылау жасау. Мақсаты:Күннің бар әлемге маңыздылығын ұғындыру. 2.Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Құстарға жанашырлық таныта алуға тәрбиелеу. 3. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты:шапшаң ойланып, әрекет ете алуға үйрету. 4. Жеке жұмыс: «жыл құстарын айтқызу» Мақсаты: Сөздерді толық дыбыстауға үйрету. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша тату ойнауға баулу.	1.Бақылау: Топыраққа бақылау жасау. Мақсаты:Топырақтың қасиетін ұғындыру. 2.Еңбек: Гүлдерге су құю. Мақсаты: Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. 3. Қимылды ойын: «Жұбынды тап» Мақсаты:сандарды ажырата алуға үйрету. 4. Жеке жұмыс: « гүлдерді айтқызу» Мақсаты: Сөздерді есте сақтауға, дұрыс дыбыстауға үйрету. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:тату ойнауға баулу.	1.Бақылау: аула сыпырушы еңбегіне бақылау жасау. Мақсаты:Үлкен адамдардың қызметіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазарту. Мақсаты:тазалықты сүйуге баулу. 3. Қимылды ойын: «Үшіншісі артық» Мақсаты: ойын шартын бұзбай, жолдастарымен тату ойнауға баулу. 4. Жеке жұмыс: «апта күндерін жаттату» 5.Дербес ойын әрекеті Мақсаты:достық, бауырмалдық қатынаста ойнауға баулу.
Серуеннен оралу, түскі асқа дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру Ас ішуге тұрайық,Қолымызды жуайық,Сабын суды аямай,Тазалықты ұғайық			
Түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.			
	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болдымұнтаздай Тағамға қол созамыз	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болдымұнтаздай Тағамға қол созамыз	Асың, асың, асыңа Бақыт қонсын басыма. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын
Ұйқыға дайындық, ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.			
	Баяу әуен тыңдату.	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру.	«Даналық әліппе» Электронды оқулықтан ертегі тыңдату.	«Әуенді киіз үй» электронды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан	Кешен №1Төсекте жатып жасайтын жаттығулар 1.Созылу. Бастапқы қалып: арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп			

ояту, сауықтыру шаралары	басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз. 2.Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз. 3.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз.			
	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау.			
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету			
Ойындар, дербес әрекет	Сюжеттік– рөлдік ойын: «Балабақша» Мақсаты: Өз қызығушылықтары бойынша рөл таңдауға, өзара диалог түрінде сөйлесе алуға үйрету.	Вариативтік компонент Дамыту ойындары «Қайсысы ненің дауысы?» Мақсаты: балалардың есту түйсіктерін дамыту. Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»	Вариативтік компонент «Көңілді билер» Тақырыбы: Балаларды би ережелерімен таныстыру. Мақсаты: Балаларға би ережелері туралы түсінік беру, түсінік бере отырып оқу іс-әрекетіне қызығушылықтарын арттыру.	Сюжеттік– рөлдік ойын: « Балабақша » Мақсаты: бақшадағы мамандық түрлерін ажырата білуге , олардың атқаратын қызметін іс жүзінде көрсете алуға, байланыстырып сөйлеуге үйрету.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	өз ойыншықтары туралы әңгімелесу. Айдарбек Қайсар Алипбаев Али Аяз Айгерім	дыбыстық – тіл ұстарту жаттығуларын жасау. Әмирхан Сымбат Бақтай Нұрым	бақшадағы достары туралы әңгімелесу. Ғалымжан Аделя Дүйсенбек Асылжан Ермахамбет Нұрболат	сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу. «Ойыншықтар» өлеңін айтқызу. Заурбек Айдана Куватбек Хадия
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)			
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру			
	1.Бақылау:Ауаны бақылау. Мақсаты: ауаның тіршілік иелері үшін маңызын ұғындыру. 2.Еңбек: майда тастарды жинау.	1.Бақылау:құмды бақылау. Мақсаты: қасиетін ұғындыру. 2.Еңбек: құмды бүркеу . Мақсаты:ұқыптылыққа баулу.	1.Бақылау:Гүлдерді бақылау. Мақсаты: гүлдердің құрылысы, түрлері туралы білімдерін кеңейту. 2.Еңбек: ойыншықтарын жинау.	1.Бақылау:Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: жәндіктер тіршілігі туралы танымдарын кеңейту. 2.Еңбек: гүлдерге су құю. Мақсаты: табиғатқа

	Мақсаты:тиянақтылыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Жаңылмай қайтала» Мақсаты: бастаушының әрекетін айнытпай қайталау арқылы байқампаздыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: күз құбылыстарын айтқызу. Мақсаты: танымдарын кеңейту.5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір– бірімен сыйластықта ойнауға баулу.	3.Қимылды ойын: «Ұшты - ұшты» Мақсаты: шапшаң ойлануға баулу. 4.Жеке жұмыс: гүлзардағы гүлдерді айтқызу. Мақсаты: танымдарын кеңейту. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір– бірімен сыйластықта ойнауға баулу.	Мақсаты: ұқыптылыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Жұбынды тап» Мақсаты:жылдам әрекет етуге, байқампаздыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: 10-ға дейін реттік санауға үйрету. Мақсаты:танымдарын кеңейту. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір– бірін тыңдап, тату ойнауға баулу.	қамқорлық танытуға баулу. 3.Қимылды ойын: «Көлеңке» Мақсаты:байқампаздыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: апта күндерін жаттату. Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:ойын шартын бұзбай, тату ойнауға баулу.
Кешкі ақа дайындық, кешкі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру			
Ойындар,балалардың дербес әрекеті	Әңгімелесу: бақшадағы достары туралы әңгімелесу. Мақсаты: өз ойын баяндай алуға үйрету.	Дидактикалық ойын:«Бақша да ма,бауда ма?» Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырата алуға, олардың айырмашылықтарын атай білуге үйрету.	Дидактикалық ойын:«Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі сөйлеуге үйрету.	Үстел үсті ойыны «Пазл құрастыру» Мақсаты: танымдық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.			

Тексерілді



Циклограмма

7-11.09.2020 ж

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 7.09.21.	Сейсенбі 8.09.21.	Сәрсенбі 9.09.21.	Бейсенбі 10.09.21	Жұма 11.09.21.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Құрастыру ойыны: Көкөністер пазлын құрастыру Мақсаты: пазлды дұрыс құрастыра білуге үйрету. Дәрумендер туралы танымын жетілдіру.	Әңгіме жүргізу: «Тазалықтың пайдасы» Мақсаты: тазалықтың денсаулыққа пайдасы туралы түсініктерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Айна ма ,тарақ па?» Мақсаты: көңіл-күйін көтеру, ойын ережесімен ойнауға бейімдеу. Тазалық құралдарының қажеттіліктерін таныту.	Үстел үсті ойыны: «Дәрумендер» Мақсаты:Дәрумендер туралы білімдерін кеңейту. Жеміс - жидектерді ажырата білуге үйрету.	Кітап қарау: денсаулықты сақтауға қажетті заттардың суреттерін қарау. Мақсаты: танымдарын кеңейту, сөздік қорларын жетілдіру.
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1 қыркүйек (заттсыз) 1.Жүру:Тізені жоғары көтеріп адымды маршпен жүру;қолды жоғары көтеріп,аяқтың ұшында тырналарша бой созып жүру; қолды белге қойып,өкшемен жүру;өкшеге алақан шапалақтап жүру;тізе астындағы шапалақ,жүрісі;қолды тізеге қойып отырып жүру; 2.Қолды ақырын саусақтарды айқастырып алға созу, сол күйі артқа, бастан жоғары және иіліп төмен түсіру. Бастапқы қалып:аяқты айқастырып еденге отыру, қол белде. Оңға иілу, бастапқы қалыпқа келу. Дәл солай сол жаққа жасау. 3.Жоғары аяқ ұшына көтерілумен,терең дем алып.Төмен иілумен демді шығару.				

	Мақсаты: балалардың бойларын сергіту.көңіл күйлерін көтеру.				
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Сөздік ойын: «Кім көп біледі?» Мақсаты: қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; сөздік қорларын молайту білімдерін бекіту.	Дидактикалық ойын: «Көлеңкесінен таны» Мақсаты: сыртқы сипаты бойынша заттарды ажырата алуға үйрету, қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.	Кейс ойыны: «Не үшін қажет? » Мақсаты: заттар мен құбылыстардың қоршаған ортаға ықпалы туралы түсініктерін бекіту, білімдерін кеңейту.	Дидактикалық ойын: «Дәрумендар қайда болады?» Мақсаты: денсаулық туралы алған білімдерін бекіту, дәрумендердің пайдасын ұғындыру.	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: заттарды атап, қандай дыбыстан басталатындығын анықтай білуге үйрету.

Ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Математика негіздері «Кеңістікте бағдарлау үстінде-астында, алдында-артында,оң жағында-сол жағында» Мақсаты:заттардың кеңістікте орналасуы туралы танымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын: «Біркелкі пішіндерді сана» Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру. 2.Көркем әдебиет. Оқу құралдарының хикаясыМақсаты:әңгіме мазмұнын ұғындыру, мазмұнын ауызекі баяндауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сөмкеге не салуға болады?» Мақсаты:оқу құралдарын танып,атап, дұрыс таңдай алуға үйрету. 3.Музыка. «Нота үйренейік» Мақсаты: әуеннің ұзақтығын ажырата білуге үйрету.	1.Жапсыру «Құтыдағы көкөністер» Мақсаты: қайшымен жұмыс жасау техникасын меңгерту. Шаршы,тіктөртбұрыштан дөңгелек, сопақша пішіндерді киып алу, қағаз бетін бағдарлай отырып жапсыру. Дидактикалық ойын: «Көкіністер мен жемістер»Мақсаты: Жемістермен, көкіністерді айыра білуге, атай білуге, жылдамдыққа үйрету. 2.Орыс тілі. «Наши помощники» (органы чувств) Цель:Обучать правильно называть слова, составлять предложения из 4—5 слов; 3.Өзін-өзі тану «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»Мақсаты:Өзін-өзі тану пәні туралы алғашқы түсінік беру. 4. Дене шынықтыру (Таза ауада) «Тәні саудың - жаны сау» Мақсаты:1.Допты алдарында оңға-солға серпіп, тізені көтеріп адымда жүру. Допты жоғары көтеріп,	1.Сауат ашу негіздері«Сөз. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. «Т» дыбысы» Мақсаты:дауысты және дауыссыз дыбыстардың дыбысталуын таныстыру, ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Қажетті сөзді тап».Мақсаты:Тапқырлыққа, ойланып жауап беруге үйрету. 2.Жаратылыстану «Күн нұры не үшін қажет?» Мақсаты: Балалардың «Тіршілік үшін жылу көзі – күн» деген түсініктерін пысықтау. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Жер, су, ауа, от.» Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. 3. Сурет салу «Дәрумендер» Мақсаты:Жемістер мен көкөністердің нобайын сызуға, бояуларды дұрыс қолдана алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта»	1.Сөйлеуді дамыту. «Дәрумендер дауасы» Қ.Баянбай Мақсаты:денсаулық, тазалық туралы білімдерін қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Кім тез жинайды?»Мақсаты: Көкіністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. 2. Мүсіндеу «Шайға арналған пиала» Мақсаты:алақан арасында домалату, саусақпен бастыру, ширату әдістерін қолдана алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Не үшін қажет?»Мақсаты: қажетті заттарды тани, талдай білуге, қажеттілігін анықтай білуге үйрету, сөздік қорларын байыту. 3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері «Адам денесі» Мақсаты: Адамның дене құрылысы туралы	1.Сауат ашу негіздері«Сөз. Дауысты және дауыссыз дыбыстар» «Т» дыбысы Мақсаты:«Т» сөздегі сөздердегі орнын анықтай білуге үйрету. Сөз құрап айта алуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Сикырлы сандық»Мақсаты:Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. 2. Құрастыру «Тазалық құралдары» (пазлдар) Мақсаты:пазлдар құрастыруға үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту, қол моторикасын жетілдіру. Танымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Мақсаты:жұмбақ шешуге үйрету, шапшаң ойлануға, зейінділікке баулу. 3. Музыка «Көңілді ырғақтар» Мақсаты: Музыканы тыңдауға,қосылып ән айта алуға дағдыландыру, әуенге сай қимыл жасай алуға үйрету
------------------------------------	--	--	--	--	--

		аяқтың ұшында жүру. Допты алдарында домалатып, иіліп жүру. 2.«Допты жоғары екі қолмен лақтырып, шапалақтау, екі қолмен қағып алу (15-20 рет)» 3.Қимылды ойын: «Үшіншісі артық»	Мақсаты: тактильді сезгіштіктерін арттыру,сөз арқылы баяндап айтуға үйрету. 4.Дене шынықтыру «Шынықсын денеміз» Мақсаты:1.«Гимнастикалық отырғыш үстімен еңбектеп өту» тепе теңдікті сақтау, итеріспей , құламай кедергіден өтуге бейімдеу. 2. «аяқты айқастырып, еденге отыру. Оңға иілу допты өзінен алысырақ жүргізіп әкеліп, бастапқы қалыпқа оралу. Сол жаққа бұрылып тағы солай жасау» 3.Қимылды ойын: «Кедергілер»	түсінік қалыптастыру. Өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға бейімдеу. Дидактикалық ойын: «Айна» Мақсаты:дене қимылдарын қайталап көрсете алуға үйрету.	
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуге көмектесуге үйрету)				
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту				
Серуен	1.Бақылау: Ауаға бақылау жасау. Мақсаты: ауаның маңыздылығын ұғындыру,табиғатқа	1.Бақылау: Аспанға бақылау жасау. Мақсаты: табиғатты бағдарлай білуге, сұлулықты сезіне алуға	1.Ақ қайың ағашына бақылау жасау. Мақсаты: Ағаштың басқа ағаштардан айырмашылығын тани	1.Бақылау: Жәндіктерге бақылау жасау. Мақсаты:жәндіктердің түрлері, тіршілік әрекеттері туралы	1.Бақылау:Аспаздар еңбегіне бақылау жасау. Мақсаты:мамандық иелерінің кәсібіне

	күтім жасай білуге үйрету. 2.Еңбек:Гүлдің ұрықтарын жинау. Мақсаты:Еңбексүйгіштік ке,ұқыптылыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Айгөлек» Мақсаты:бір -бірімен тату, сыйласып ойнауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: қарама-қарсы сөздерді айтқызу. 5.Дербес ойын: әрекеті	үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. 3. Қимылды ойын: «Биік - аласа» Мақсаты: қимыл - қозғалыстарын дамыту. 4.Жеке жұмыс: апта күндерін айтқызу. 5.Дербес ойын: әрекеті	білуге үйрету. 2.Еңбек:Құмды бүркеу. Иаксаты: үлкенлерге көмектесуге ықыластарын ояту. 3.Қимылды ойын: «Жұбынды тап» Мақсаты: шапшаң ойлануға, әрекет етуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: күз туралы тақпақ жаттату. 5.Дербес ойын әрекеті	түсінік қалыптастыру. 2.Еңбек:ойыншықтары н жинастыру. Мақсаты:ұқыптылыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: қимылм - қозғалыс белсенділігін арттыру. 4.Жеке жұмыс: ай аттарын айтқызу. 5.Дербес ойын әрекеті.	құрметпен қарауға үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазарту. Мақсаты:қоршаған ортаның тазалығының маңызды екендігін ұғындыру. 3. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Ұлттық ойынға қызығушылығын арттыру. 4.Жеке жұмыс: «апта күндерін жаттау» 5. Дербес ойын әрекеті, апта күндерін жаттау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру Ас ішуге тұрайық,Қолымызды жуайық,Сабын суды аямай,Тазалықты ұғайық				
Түскі асқа дайындық, түскі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
	Асқа бата беру: Асың,асың,асыңа Береке берсін басыңа Дастарқанға береке берсін Денімізге саулық берсін	Асқа бата беру: Асың,асың,асыңа Береке берсін басыңа Дастарқанға береке берсін Денімізге саулық берсін	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болдымұнтаздай Тағамға қол созамыз	Бата беруАсың, асың, асыңа Бақыт қонсын басыма. Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын
Түскі ұйқыға дайындық,ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Баяу сарынды әуен	Баяу сарынды әуен	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	«Даналық әліппе» Электронды оқулық тан ертегі тыңдату	«Әуенді киіз үй» электронды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Кешен №1Төсекте жатып жасайтын жаттығулар 1.Созылу. Бастапқы қалып: арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып 2.Ойын				

шаралары	«Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз. 3.Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз.				
	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: Логика Тақырыбы: «Өзіміз соғамыз» Мақсаты: баланың ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру, белгісіз затты, оның түр сипатын, қасиетін, белгілерін сипаттау арқылы тану, өзбетімен құрастыру жұмысын атқарту арқылы көру қабілетін жетілдіру, зейінін шоғырлауға ынталандыру; білімпаздыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып қалта» Мақсаты: ойын шартын түсініп ойнауға үйрету.	Вариативтік компонент Дамыту ойындары «Қайсысы ненің дауысы?» Мақсаты: балалардың есту түйсіктерін дамыту. Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»	Вариативтік компонент Көңілді билер Тақырыбы: Аяқ пен қолдың позициялары. Мақсаты: Балаларға би элементіндегі аяқ пен қолдың позициялары туралы түсінік беру. Оң аяқ, сол аяқ, сол қолды дұрыс ажырата білуге үйрету.	Ертегі оқу: «Қасқыр мен қой» ертегісін оқып беру Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсініп, түсінгендерін мазмұндай алуға үйрету.
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	реттік және есептік санауға үйрету Қанат Ермейір Сейдазым Жантөре	сөздегі дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Орынбек Ерасыл Сабыралы Нұрқадыр	жаңылтпаңтарды жаңылмай айтуға үйрету. Сексенбай Кемал Талғат Раяна Тлепалды Аделя	қарсы мәндес сөздерді айта білуге үйрету. Мықтыбек Марлен Мырзахан Ернияз Садуақас Асия	өтілген дыбыстарға сөз ойлап таба алуға үйрету Қуандық Дария Құлмағанбет Алинұр

Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әртүрлі ойындар ұйымдастыру				
	1.Бақылау:суға бақылау жасау. Мақсаты: табиғат үшін судың маңызды екендігін ұғындыру. 2.Еңбек: жеке заттарын жинау. Мақсаты:ұқыптылыққа тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Еденде қалма» Мақсаты:ойын шартын орындауға, ептілікке баулу. 4.Жеке жұмыс: жұмбақ шешу Мақсаты: ойлау қабілеттерін ,сөздік қорларын дамыту. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір– бірімен сыйластықта ойнауға баулу.	1.Бақылау: шөптерге бақылау жасау. Мақсаты:өсімдіктер туралы білімдерін пысықтау. 2.Еңбек: жапырақ жинау. Мақсаты:еңбекқорлыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Атыңды атадым» Мақсаты: қимыл - қозғалыстарын ширату. 4.Жеке жұмыс: Жаңылтпаш айтқызу. Мақсаты: тілдерін ширату. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:достық қарым – қатынаста болуға тәрбиелеу.	1.Бақылау:ағаш, бұтаны бақылау. Мақсаты: ағаш пен бұтаның айырмашылығын тани білуге үйрету. 2.Еңбек: ағаштарды суғару Мақсаты: табиғатқа қамқоршы болуға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Жаңылмай қайтала» Мақсаты: қимылдарын үйлестуре білуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: тазалық құралдарының атауларын айтқызу. Мақсаты: білімдерін пысықтау. 5.Дербес ойын әрекеті: Мақсаты: ойын шартын бұзбай ойнауға баулу.	1.Бақылау: құстарға бақылау жасау Мақсаты: жыл құстары туралы білімдерін пысықтау 2.Еңбек: гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу. 3.Қимылды ойын: «Қашпа доп» Мақсаты:ұжымдық ойынға баулу, сыйластықта ойнауға тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: сандардың көршісін атату. Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыру. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:достық, жолдастық сезімдерін жетілдіру.	1.Бақылау:Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: жәндіктер тіршілігі туралы танымдарын кеңейту. 2.Еңбек: ағаштарға су құю Мақсаты: табиғатқа қамқорлық танытуға баулу. 3.Қимылды ойын: «Теңіз мүсіндері» Мақсаты: қимыл қозғалыстарын,қиялын дамыту. 4.Жеке жұмыс: «Құстар»әнін жаттату. Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:ойын шартын бұзбай, тату ойнауға баулу.
Кешкі асқа дайындық, кешкі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру				

Балалармен ойындар, дербес әрекеттері	Әңгіме құрастыру «Тазалықты сүйемін» Мақсаты:тазалық құралдарын атау, қажеттілігін баяндай алуға үйрету, сөздік қорын дамыту.	Дидактикалық ойын: «Бұл не?Ол қандай?» Мақсаты: әртүрлі заттарды атап, сипаттап айта алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Мақсаты: сипатына қарай айналадағы заттарды тауып, көрсете алуға үйрету. Танымдарын кеңейту	Дидактикалық ойын: «Не жасырынды?» Мақсаты:берілген заттар арасынан түсіп қалған затты тауып айта алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: « Қанша рет қол соқтым?» Мақсаты: реттік санай алуға үйрету.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Тексерілді : 

14-18.09.2020 ж

Өтпелі тақырып: «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай бңл де, талап қыл!»

Мақсаты:отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.09.20.	Сейсенбі 15.09.20.	Сәрсенбі 16.09.20.	Бейсенбі 17.09.20	Жұма 18.09.20.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Әңгіме жүргізу: «Менің сүйікті отбасым», Мақсаты: отбасы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің туыстық атауларын дұрыс айтып, ажырата білуге үйрету. «Бауырмалдылық,сыйлас тық» сөздерінің мағынасын .	Үстел үсті ойыны Құрастырмамен үй құрастыру. Мақсаты: құрылыс бөлшектерін дұрыс атау, құрастырманы дұрыс жинауға үрету, қол моторикасын жетілдіру	Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?». Мақсаты: Отбасы мүшелеріне қажетті заттарды(құралдарды) анықтап, аталуын дұрыс айта білуге үйрету. Балалардың көңіл күйін көтеру.	Әңгіме жүргізу. «Бір үйде біз нешеуіміз?» Мақсаты: отбасы мүшелерінің аттарын атап, санын анықтай алуға,ойларын сөзбен жеткізе білуге үйрету. .	Дидактикалық ойын: «Кім қалып кетті?» Мақсаты:отбасы мүшелерін білдіретін сөздерді атау, бастапқы айтылған сөздердің қайсысы айтылмай қалғанын анықтап айта алуға үйрету;
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №1 қыркүйек (заттсыз) 1.Жүру:Тізені жоғары көтеріп адымды маршпен жүру;қолды жоғары көтеріп,аяқтың ұшында тырналарша бой созып жүру; қолды белге қойып,өкшемен жүру;өкшеге алақан шапалақтап жүру;тізе астындағы шапалақ,жүрісі;қолды тізеге қойып отырып жүру; 2.Қолды ақырын саусақтарды айқастырып алға созу, сол күйі артқа, бастан жоғары және иіліп төмен түсіру. Бастапқы қалып:аяқты айқастырып еденге отыру, қол белде. Оңға иілу, бастапқы қалыпқа келу. Дәл солай сол жаққа жасау. 3.Жоғары аяқ ұшына көтерілумен,терең дем алып.Төмен иілумен демді шығару. Мақсаты: балалардың бойларын сергіту.көңіл күйлерін көтеру.Мақсаты: балалардың бойларын сергіту.көңіл күйлерін көтеру.				
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Ұқсас затты тап тап» Мақсаты: математикалық танымдарын кеңейту, пішіндер туралы білімдерін пысықтау.	Сөздік ойын: «Сен маған м, мен саған» Мақсаты: қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту.	Дидактикалық ойын: «Қай дыбысты естідің?» Мақсаты: дыбыстар туралы түсініктерін бекіту; сөздік қорларын молайту, әріп пен дыбыс айырмашылығын ажырата білуге үйрету..	Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Мақсаты: адамдар еңбегі, мамандық түрлері, отбасында жасалатын еңбек түрлері туралы танымдарын кеңейту.	Дидактикалық ойын: «Сықырлы қорап» Мақсаты: заттарды қолмен сипап сезу арқылы санауға үйрету. Ойлау қабілеттерін, тактильді сезімдерін дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі	1.Математика негіздері «Жиынтық. Бір және көп. Заттарды ортақ қасиетіне қарай біріктіру» Мақсаты: жиын туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттардың ортақ қасиеттерін анықтап, таба алуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Шаршы құрастыр» Мақсаты: бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. 2.Көркем әдебиет. «Әжесін кім жақсы көреді?» М. Төрежанов Мақсаты: Өңгіменің түсінігін айтуға үйрету. Кейіпкерлерге мінездеме бере алуға үйрету. Туыстық атаулардың мағынасын ұғындыру. Үлкендерге құрмет сезімдерін ояту. Дидактикалық ойын: «Мейірімді сөздер»	1.Жапсыру «Менің әкем автобус жүргізушісі» Мақсаты: қайшымен жұмыс жасау машықтарын жетілдіру. Көлік түрлерін, құрылысын ажырата білуге үйрету. Қағаз бетінің кеңістігін бағдарлай отырып қиылған пішіндерді жапсыру, Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын сен аяқта» Мақсаты: мамандық иелері туралы бастаушының айтқан сөзін байланыстырып сөйлеуге үйрету. 2.Орыс тілі. «Моя семья» Учить умению рассказывать о себе, о родителях, называть домашний адрес; развитие умения	1.Сауат ашу негіздері «Сөз. Сөз туралы түсінік қалыптастыру» Мақсаты: Сөз бен дыбыстың айырмашылығын түсіндіру. Сөз туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Қанша болса, сонша соқ» Мақсаты: Сөздерді буынға бөлуге үйрету. 2. Жаратылыстану «Табиғатта не өзгерді?» Мақсаты: Күзде болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге себеп - салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Саққұлақ» ойыны	1.Сөйлеуді дамыту. «Менің отбасым. Ата-аналар еңбегі» Мақсаты: Мамандық, отбасы мүшелерінің кәсібі туралы танымын кеңейту. Еңбексүйгіштікке баулу. Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?» Мақсаты: мамандық иелеріне қажетті құралдарды тауып, анықтама бере алуға үйрету. 2.Мүсіндеу. «Ағамның портреті» Мақсаты: Пластилинография әдісін меңгерту. Ермексазды қағаз бетіне жағу арқылы портрет мүсіндеуге машықтандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Бұл кім? Ол қандай?» Мақсаты: сипаты	1.Сауат ашу негіздері «Сөз. Сөз туралы түсінік қалыптастыру» Мақсаты: Айтылуына қарай ұзын сөз, қысқа сөздерді ажырата алуға үйрету. Сөз ойлап тауып, оған анықтама бере алуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Жаңа сөз ойлап, бастапқы дыбыстарын анықтай алуға үйрету. 2.Қоршаған ортамен танысу. «Балабақша біздің екінші үйіміз». Мақсаты: Балабақшадағы күн тәртібі, қызметкерлер туралы түсінік қалыптастыру. Құрметтеу сезімін ояту. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Мақсаты: жұмбақ

	Мақсаты: мейірімді, сыпайы сөздерді айту арқылы сөзлік қорларын молайту. 3. Музыка. «Күзгі әуендер» Мақсаты: Әнді тыңдап, әуенге қосылып ән айта алуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Мақсаты: музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білуге үйрету.	детей употреблять в речи имена существительные единственного и множественного числа; обучать составлять предложений из 4–5 слов; развивать внимание, память; воспитывать уважения к старшим. 3.Өзін-өзі тану «Адам болам десеңіз» Мақсаты: Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Достық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру. 4.Дене шынықтыру «Бір үйде біз нешеуіміз?» Мақсаты: 1.«Ойыншыққа қолыңды жеткіз» Бір орында тұрып биіктікке секіру. 2.Түзу тұру, аяқтың арасын сәл ашу, қолды түсіру. Қолды ақырын саусақтарды айқастырып алға созу, сол күйі артқа, бастан жоғары және иіліп төмен түсіру. 3.Қимылды ойын: «Теңіз мүсіндері»	Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту 3. Сурет салу «Біздің үй» Мақсаты: Үлгі бойынша сурет салуға үйрету. Түзу, көлбеу сызықтар сызу арқылы үйдің суретін салуға машықтандыру. Қарындашты дұрыс қолдана білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. 4.Дене шынықтыру «Әкем, анам және мен» Мақсаты: 1.Тізені жоғары көтеріп адымды маршпен жүру. Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшында тырналарша бой созып жүру. Қолды белге қойып, өкшемен жүру. 2.Допты бір қолмен ыршытып алға жылжыту 3.Қимылды ойын: «Жұбыңды тап»	бойынша отбасы мүшелерін анықтай алуға үйрету. 3. Дене шынықтыру «Спорт сүйер баламыз» Мақсаты: 1.Қолды тізеге қойып отырып жүру. Қолды белге қойып қырмен секіру. Жылдам жүгіру 2.«Заттардың арасымен еңбектеп өту» 3.Қимылды ойын: «Аққу -қаздар» .	шешуге үйрету, тапқырлыққа, зейінділікке баулу. 3. Музыка. «Музыкалық киіз үйде» Мақсаты: Тыңдау дағдыларын қалыптастыру. Әннің әуенін бұзбай дауыс ырғағын дұрыс қолдануға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын одан әрі дамыту (өз шкафтарынан киімдерін алып киінудің реттілігін сақтап, дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы				


	белсенділіктерін күшейту				
Серуен	1.Бақылау: Тасқа бақылау жасау. Мақсаты:салыстырмалы түрде тастың қасиетін анықтай алуға үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңындағы майда тастарды жинау. Мақсаты:еңбексүйгіштік ке баулу. 3.Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты:шапшаңдыққа,еңбекшілікке баулу. 4.Жеке жұмыс: қатты-жұмсақ заттарды айтқызу. Мақсаты:ойлау қабілеттерін арттыру. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Қызығушылығы бойынша ойын таңдауға үйрету.	1.Бақылау: Құмға бақылау жасау. Мақсаты:құмның ерекшелігін тани білуге үйрету. 2.Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау. Мақсаты:тазалықты сүйеге үйрету. 3.Қимылды ойын: «Жұбыңды тап» Мақсаты:ойын шартын орындап, жылдам қимылдауға баулу. 4.Жеке жұмыс: күзгі ауа-райы ерекшелігін айтқызу Мақсаты:маусымдық өзгерістерді анықтай білуге үйрету. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:бір– бірімен сыйластықта болуға үйрету.	1.Бақылау:Ағаштарды бақылау. Мақсаты: ағаштар туралы білімдерін пысықтау. 2.Еңбек: ауладағы жапырақтарды жинастыру. Мақсаты:Еңбекқорлыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты:Ұжымдық әрекетке баулу. 4.Жеке жұмыс: ағаш аттарын айтқызу. Мақсаты:ағаштардың атауларын, сипатын дұрыс атап, тани білуге үйрету. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір– бірімен достық қарым– қатынаста болуға тәрбиелеу.	1.Бақылау: Құстарға бақылау жасау. Мақсаты:Құстар туралы танымдарын кеңейту. 2.Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты:тіршілік иелеріне қамқорлық танытуға баулу. 3.Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты:шапшаңдыққа ,байқампаздыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: жыл құстарын айтқызу. Мақсаты:жыл құстарының ерекшеліктері туралы білімдерін пысықтау. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Достық қарым– қатынас орната білуге тәрбиелеу.	1.Бақылау:Кір жуушы еңбегіне бақылау жасау. Мақсаты:кәсіп иесі туралы білімдерін пысықтау, құрмет сезімдерін ояту. 2.Еңбек: Ойын алаңын тазарту. Мақсаты: тазалықты сүйеге баулу. 3. Қимылды ойын: «Үшіншісі артық» Мақсаты: сандар туралы білімдерін пысықтау,шапшаңдыққа баулу. 4. Жеке жұмыс: апта күндерін жаттау. Мақсаты:Есте сақтау қабілеттерін арттыру, білімдерін пысықтау. 5. Дербес ойын әрекеті Мақсаты: бірін –бірі тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу, түскі асқа дайындық	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуін, реттілікпен шкафтарына салуын бақылау және достарына көмек көрсетуге баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру Ас ішуге тұрайық,Қолымызды жуайық,Сабын суды аямай,Тазалықты ұғайық				
Түскі асқа дайындық, түскі	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз – өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				

ас					
	Асқа бата беру: Асың, асың, асыңа Береке берсін басыңа Дастарқанға береке берсін Денімізге саулық берсін	Асқа бата беру: Асың, асың, асыңа Береке берсін басыңа Дастарқанға береке берсін Денімізге саулық берсін	Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.	Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болдымұнтаздай Тағамға қол созамыз	Бата беру Асың, асың, асыңа Бақыт қонсын басыма. Дастарханның мол болсын, Денсаулығың зор болсын
Түскі ұйқыға дайындық, ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру.				
	Баяу сарынды әуен	Баяу сарынды әуен	Балалардың қалауымен ертегі айтып беру	«Даналық әліппе» Электронды оқулық тан ертегі тыңдату	«Әуенді киіз үй» электронды музыкалық құралдан баяу музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Кешен №1 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар 1. Созылу. Бастапқы қалып: арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұамыз. 2. Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз, жаз дегенде керілеміз. 3. Өзімізді уқалау. Күзде күн суыды, молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз.				
	Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, майтабандылықты болдырмау				
Бесін ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету				
Ойындар, дербес әрекет	Вариативтік компонент: Логика «Не көрдің?» Мақсаты: баланың логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін, арттыру, өленді ұйқастырып айту қабілетін жетілдіру, зейінін шоғырлауға	Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің іс- әрекетін көрсете алуға үйрету, шығармашылыққа баулу	Вариативтік компонент Дамыту ойындары «Қай жануар артық» Мақсаты: балалардың есту түйсіктерін дамыту. Дид-қ ойын: «Сымсыз телефон»	Вариативтік компонент Көңілді билер Тақырыбы Кел, билейік. Мақсаты: Балалар музыка залында өздерін еркін ұстап кез-келген әуенге билеуді үйрету.	Ертегі оқу: «Ұр тоқпақ» Мақсаты: Ертегі желісі арқылы баланы адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу

	ынталандыру, қолдың моторикасын дамыту; жауапкершілікке тәрбиелеу.				
Баланың жеке картасына сәйкес жеке жұмыс	тура және кері санауға үйрету Қанат Ермейір Сейтқасым Алинұр	сөздегі буын санын ажырату. Аяз Айгерім Әмирхан Сымбат	сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Қыдырбай Ерасыл Мықтыбек Марлен	дыбысты анықтауға үйрету. Ғалымжан Аделя Дүйсенбек Асылжан	сөздегі, бастапқы, соңғы дыбысты анықтай білуге үйрету. Алипбаев Али Аяз Айгерім
Серуенге дайындық	Серуенге шығу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдысын дамыту. (өз шкафтарынан киімдерін киінудің реттілігін сақтап, өздігінен дұрыс киінуге және достарының киінуіне көмектесуге үйрету)				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Жеке балалармен әр түрлі бағытта жұмыстар жүргізу. Балалар қалауымен әр-түрлі ойындар ұйымдастыру				
	1.Бақылау:аспанға бақылау жасау. Мақсаты: табиғат құбылысын анықтай білуге үйрету.. 2.Еңбек: киімдеріндегі олқылықты түзете білуге үйрету. Мақсаты:ұқыптылыққа тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Айна» Мақсаты: бастаушының әрекетін айнытпай қайталау арқылы байқампаздыққа баулу. 4.Жеке жұмыс: күз туралы тақпақ жаттату. Мақсаты: есте сақтау	1.Бақылау: ағаштарға бақылау жасау. Мақсаты:бір- бірінен ерекшеліктерін тани білуге үйрету. 2.Еңбек: жапырақ жинау. Мақсаты:еңбекқорлыққа баулу. 3.Қимылды ойын: «Айгөлек» Мақсаты: ұжымдық әрекетке баулу. 4.Жеке жұмыс: күз құбылыстарын айтқызу. Мақсаты: танымдарын кеңейту. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:достық қарым– қатынаста болуға	1.Бақылау:Ауаны бақылау. Мақсаты: ауаның маңызын ұғындыру. 2.Еңбек: ойыншықтарын жинау. Мақсаты:заттарына ұқыпты болуға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Жаңылмай қайтала» Мақсаты: қимылдарын үйлестуре білуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: отбасы мүшелерінің туыстық атауларын айтқызу. Мақсаты:есте сақтау қабілеттерін дамыту. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:ойын шартын	1.Бақылау: итке бақылау жасау Мақсаты: үй жануарлары туралы білімдерін пысықтау 2.Еңбек: Құмды бүркеу Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу. 3.Қимылды ойын: «Асық ойыны» Мақсаты:асық ойынының ережелерін ұғындыру. 4.Жеке жұмыс: 10-ға дейін реттік және кері санауға үйрету. Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру.	1.Бақылау:Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: жәндіктер тіршілігі туралы танымдарын кеңейту. 2.Еңбек: ағаштарға су құю Мақсаты: табиғатқа қамқорлық танытуға баулу. 3.Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке баулу. 4.Жеке жұмыс: «Күз»әнін жаттату. Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру.

	кабілеттерін арттыру. 5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:Бір— бірімен сыйластықта ойнауға баулу.	тәрбиелеу.	бұзбай ойнауға баулу.	5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:достық, жолдастық сезімдерін жетілдіру.	5.Дербес ойын әрекеті. Мақсаты:ойын шартын бұзбай, тату ойнауға баулу.
Кешкі асқа дайындық , кешкі ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру				
Балалармен ойындар, дербес әрекеттері	Дидактикалық ойын: « Мен бастаймын,сен аяқта? Мақсаты: Ой —өрісін кеңейту.Тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: « Жаңылмай айт» Мақсаты: жаңылтпашты жаңылмай жылдам, сөздерді дұрыс айтуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Тап та үндеме» Мақсаты: сипатына қарай айналадағы заттарды тауып, көрсете алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла,тез ойла» Мақсаты:берілген әріп бойынша сөз ойлап таба алуға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: қасиеті жағынан артық затты тауып себебін анықтап айта алуға үйрету.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балалрды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				

Тексерілді :



21-25.09.2020

Өтпелі тақырып «Мен және қоршаған орта»

Максаты : ересектердің мамандығы туралы балалардың білімдерін кеңейту, түрлі мамандықтарға қызығушылықтарын дамыту, ересектер еңбегінің маңызы туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру, адамдар өмірінде барлық мамандықтардың маңызын түсіну, ересектер еңбегіне құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу, оларға көмектесуге ұмтылу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.09.20	Сейсенбі 22.09.20	Сәрсенбі 23.09.20.	Бейсенбі 24.09.20	Жұма 25.09.20.
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баланың бүгінгі балабақшаға келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу.				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру				
Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: «Ұқсасын тап» Максаты: Ұқсас суреттерді жылдам табуға үйрету.	Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Максаты: есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұжымдастыққа тәрбиелеу.	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Максаты: заттар, жан жануардар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау;	Дидактикалық ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Максаты :Сөздерді әртүрлі ырғағымен айтуды үйрету.	Дамытушы ойын "Көлеңкесін тап" Максаты: зейінің, ойлау қабілетін, ынтасын дамыту. жануарлардың көлеңкесін тауып сәйкестендіреді.
Таңертеңгі Жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №2 сәуір (затпен) 1.Б.қ.-негізгі тұрыс,кішкене екі доп ұстап,қолдарын төмен түсіріп тұрады.1-қолды алға созып,доптарды 3 рет бір-біріне ұру.2-б.қ 3-қолдарын жоғары көтеріп,қолдарына қарап,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4-б.қ. 2. Б.қ, аяқ арасы сәл ашық,қолды жоғары көтеріп тұру.1-оңға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру2-б.қ.3-солға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4.б.қ. 3.Бастапқы қалып, аяқ арасы ашық,қолда доп.1дегенде отыру,қолды алға созу.2дегенде тұру б.қ келу.3дегенде отыру.4дегенде б.қ келу. 4.Б.қ.қолда доп.Допты жоғары көтеру және алға иілу.1дегенде допты жоғары көтеру.2дегенде алға қарай иілу.3дненде б.қ. келу. 5.Б.қ. еденге жату, қолда доп,жатып велосипед тебу,жатып дем алу.Бастапқы қалып, бірінің артынан бірі адымдап жүру, жеңіл жүгіру. Демді қалыпқа келтіру.				

Таңғы ас	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету.				
Ұйымдас тырылған оқу қызме тіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Қайсысы дұрыс?» Мақсаты: Балалардың тілдерін, ойларын дамыту.	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Түстерді ажыратуға үйрету, танымдық қабілеттерін арттыру.	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен мұқият". Мақсаты-Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.	Дидактикалық ойын «Заттар арасынан ойыншықты тауып ата» Мақсаты: ойлау қабілеттерін дағдыландыру, тілдерін дамыту.	«Көңіл-күй» /Психожаттығуы/ Мақсаты- эмоцио- налды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру.
